

# С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті



---

Кафедра: ЭПИДЕМИОЛОГИЯ

Тақырыбы: **Туберкулез және ЖИТС**

Орындаған: Канатбекова Улбосын  
Факультет, Топ: МПД 13-001-01  
Тексерген: Кусайнова А.Ж.

Алматы-2016 ж.

# ЖИТС-жүре пайда болған иммунды тапшылық синдромы.

---

- Адамның иммундық тапшылығынан пайда болатын, вирустық ауру-АИТВ жұқпасының соңғы кезеңі. Иммундық жүйесі әлсіреген адам кез келген ауруға төтеп бере алмайтын болады, әсіресе, жұқпалы ауруларға, соның ішінде туберкулез бен өкпе қабынуына (пневмония).
  - АИТВ-жұқтырған адамда бір немесе бірнеше қосымша ауру анықталады және CD4 деңгейі нақты бір деңгейге дейін төмендеген жағдайда, ол адамға “ЖИТС” деген диагноз қойылады.
-

# Туберкулез және ЖИТС

---



Жүре пайда болатын иммунды тапшылық белгісі әртүрлі ауруларды оның ішінде туберкулезді асқындыратын елеулі медициналық, әлеуметтік мәні бар ауруға айналды. ЖИТС диагнозын қойған кезде науқасты туберкулезге де тексеру керек. ЖИТС-мен ауыратын науқастардың ішінде туберкулез 6-10% жағдайда кездеседі. Адам иммунды тапшылық вирусын жұқтырғандар және ЖИТС-мен ауыратындар арасында туберкулезге шалдығу 30-50 жастағы нашақорлыққа әуес еркектерде жиі кездеседі. Бұрын туберкулезбен ауырып жазылғандарға АИТВ-ның жұғуы туберкулездің қайталану қауіптілігін күшейтеді. Туберкулез АИТВ инфекциясының маркері, яғни ерте көрінісі болып табылады. ЖИТС және сонымен қатар туберкулезбен ауыратын науқастардың өлім көрсеткіші өте жоғары.

**АИТВ анықталған науқастар, өкпе туберкулезін дер кезінде анықтау мақсатында жыл сайын флюорографиялық тексерістен өтуі тиіс.**

---





# Эпидемиологиясы:

---

- Бүкілодақтық Денсаулық Сақтау Ұйымының мәліметтері бойынша 2000 жылы әлемде 8,7 млн адам туберкулез ауруымен тіркелді, соның ішінде 7-12% АИТВ-мен ауыратындарда болды.
  - Сол жылы туберкулезден 2,3 млн адам қайтыс болды, оның ішіндегі 18%-ы туберкулез және ЖИТС-мен бірігуінде.
  - АИТВ жұқтырған адамдарда туберкулездің анықталуы 10 есе жиі кездеседі.
-

---

Иммундық депрессия артқан сайын ауру қаупі де артады. СД4 жасушаларының саны азайып, қызметі бұзылып, ағзаның туберкулез микобактериясының таралуы мен артуын тежейтін қасиетінен айырылады. АИТВ жұқпасы адамның туберкулез жұқпасына сезімталдығын арттырады. Туберкулез микобактериясын жұқтырған науқастарда АИТВ жұқпасы, бессимптомды туберкулез жұқпасының туберкулезге ауысуының басты себебі болып табылады.

---

# Патогенезі

- Житс кезінде туберкулездің дамуы туберкулезге қарсы иммундық қорғаныстың төмендеуіне, Т-хелперлердің зақымдануының нәтижесінде иммунды Т-лимфоциттердің жетіспеушілігіне және хелпер-супрессор қарым-қатынасының өзгеруіне, яғни супрессорлардың көбеюіне байланысты. Науқастарда интерлейкиннің супрессиясына байланысты Т-лимфоциттердің макрофагтарға белсенді әсер етуі бұзылады. Туберкулезбен ауыратын науқастарда полилимфоаденопатияның, кандидоздың болуы-ұзақ уақыт бойы іш өтуі, Капоши саркомасының пайда болуы ағзада АИТВ инфекциясының бар екендігіне күмән тудырады.





- 
- ЖИТС-мен ауыратын науқастардың көбінде туберкулез ауыр гематогенді жайылмалы түрінде өкпе және басқа ағзалардың кеудеішілік лимфа бездерінің зақымдануымен жүреді. Негізінен диссеминарлі, инфильтратты және кавернозды туберкулез анықталады.
  - Көбінесе өкпе түбірінің аймағы зақымданады
  - Микроскопиялық тексерісте туберкулез ошақтарымен қатар ~~казеозсыз гранулема анықталады.~~



# Клиникалық белгілері

---

Туберкулез қоздырғышы мен иммунды тапшылық вирусының бірігуі ерекше клиникалық көрініс тудырады.

- Науқастың жүдеуі
- Түнде терлегіштігі
- Дене температурасының көтерілуі
- Тез шаршағыштық
- Салмақтың 10% және одан жоғары жоғалтуы
- Жөтелдің 2 аптадан аса болуы



# ДИАГНОСТИКА

---

- Бактериоскопиялық
- Иммунологиялық тексерістер бойынша науқастың қанында СД4 жасушаларының концентрациясы төмендейді.
- Бактериологиялық
- Рентгенографиялық тексеру
- Трахеобронхоскопия, биопсия алу
- Туберкулин сынамасы



# АИТВ-жұқтырған адамдарда туберкулезді емдеу принциптерін екі бағытта ұйымдастыруға болады:

---

- Емнің стандартты тәртібіне сәйкес, туберкулезді тікелей бақылау арқылы емдеуді ұйымдастыру. Емдеу процесінде медицина қызметкерлері, науқастардың туберкулезге қарсы және антиретровирусты препараттарды қабылдауына бақылау жүргізеді.
  - АИТВ-жұқпасымен қосарланған туберкулез науқастарының әлеуметтік және психологиялық тұрғыда бейімделу жүйесін құру. Бұл дегеніміз, науқастарға және олардың жақындарына ем тәртібін сақтауға, сонымен қоса нашақорлық және ішімдік заттарды қабылдамай, өздерін ұстауға байланысты психотерапевттардың кеңесін жүргізу.
-

# Емі

---

1. Категорияға сәйкес ем белгіленеді. Қолданылған химиотерапия қақырықта микобактериялардың жойылуына, каверналардың жабылуына әкеледі.
  2. АИТВ жұққандардың арасында туберкулез ауруының алдын алу үшін изониазидпен химиотерапия жүргізіледі. Ол:
    - Туберкулин сынамасы оң болған адамдарға
    - Рентгенологиялық тексеруде алғашқы рет туберкулезден қалған қалдықты өзгерістер анықталғандарға
    - 
    - Туберкулез ауруымен қарым қатынаста болғандарға
    - Туберкулез көп таралған аймақта тұратын адамдарға жүргізіледі.
-

---

Назарларыңызға рахмет!)

---